

ӘӨЖ 008 (519. 5) "19/..."

**М. ХАТАМИДІҢ «ӨРКЕНИЕТТЕР ДИАЛОГЫ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ
ӨЗЕКТІЛІГІ**

Курбанбаева Алтыnguль Мейрмановна

altin-ai78@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану
кафедрасының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – т.ғ.к. Әбішева М.М.

Өркениеттер әлемі әртүрлі және өзгермелі ғана емес, ол өзара байланыстардың кең ауқымдылығымен ерекшеленеді. Өркениеттер әлемі қарама-қайшылықтар мен қақтығыстарға, ынтымақтастық пен серіктестікке толы байланыс. Жиырмамыншы ғасырдың аяғынан бастап танылған әрі кеңінен таралған салыстырмалы түрде жаңа геосаяси тұжырымдама «өркениеттер диалогы» өзара қарым-қатынастар жүйесінде басты орындардың біріне ие. Өркениеттер арасындағы диалог жаңа құбылыс емес. Бұл процесс мәдениет пен өркениеттер ошақтары қалыптасуының ең ерте кезеңінен басталды. Әр түрлі мәдениеттер мен өркениеттер бір-бірімен байланыста болып, рухани және материалдық құндылықтарымен алмасу арқылы бір-бірін байытып отырған.

Алайда, Кеңес Одағының ыдырауы, биполярлы әлем жүйесінің жойылуы жаһандық сипаттағы өзгерістерге алып әкелді. Адамзат көптеген жаһандық проблемалармен бетпе-бет келді, көбінесе бұл проблемалар әлемдегі дағдарыстық жағдайларды күшпен шешуге тырысқан бірполярлық тенденцияға байланысты еді. Халықаралық қатынастарда жаңа тәсілдер, әлемдік саяси жүйенің ойыншылары арасындағы күрделі де көп қырлы қарым-қатынастарды түрліше қарастыратын жаңа парадигмалар байқала бастады. Олардың бастысы -«өркениеттер қақтығысы» және «өркениеттер диалогы» тұжырымдамалары. Қазіргі таңда адамзат өркениеті моральдық құндылықтардың созылмалы дағдарысын бастан кешуде. ХХІ

ғасырда бұрын-соңды батыс құндылықтарына еліктеу ретінде танылып келген жаңғыру ұғымын қазіргі геосаяси жағдайда мемлекеттің тарихи дамуын ескере отырып, ұлттық және діни дәстүр тұрғысынан зерделеу қажеттілігі туып отыр.

Бүгінгі қоғам медиа-технологиялардың дамуымен, бұрынғыдан бетер ақпараттандырылған, коммуникативті және диалогтық болып келеді. Сондықтан да, өркениеттердің өзара әрекеттестігі бүгінгі таңда өте өзекті мәселе болып табылады.

Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің түрлері. Өркениеттер арасындағы өзара әрекеттестікті екі түрге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі - «қақтығыс», ал екіншісі – «диалог».

Американдық ғалым Гарвард университетінің профессоры Сэмюэл Хантингтонның 1993 ж. «Foreign Affairs» журналында «Өркениеттер қақтығысы» атты мақаласы жарияланып, жаһандық ғылыми қоғамдастықта осындай тұжырымдама пайда бола бастады. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1998 жылы Иран Президенті М.Хатамидің өркениеттер арасындағы диалог үшін қозғалысты ұйымдастыру бастамасын қолдап, 2001 жылды Өркениеттер диалогы жылы деп жариялаған соң, «өркениеттер диалогы» теориясының да халықаралық маңызы айқындалды.

Шын мәнінде М.Хатамидің «Өркениеттер диалогы» теориясы С. Хантингтон ұсынған «өркениеттер қақтығысы» тұжырымдамасына жауап болып табылады. М.Хатами БҰҰ Бас Ассамблеясының 53-сессиясында сөйлеген сөзінде әлемдегі халықтар арасындағы әскери қақтығыстарды және зорлық-зомбылықты тоқтату, бейбіт, өркениетаралық диалог тұжырымдамасын қабылдау туралы ұсыныс жасады.

Ал ХХІ ғасыр басындағы қырғи қабақ соғыс пен 11 қыркүйектегі әлем жұртшылығын дүр сілкіндірген АҚШ-тағы террористік шабуыл оқиғаларынан кейін туындаған күрделі жаһандық ахуал өркениеттер қақтығысының сөзсіз ықтималдығы туралы С. Хантингтонның екіұшты болжамын дәлелдегендей болды.

Хантингтонның мақаласы мынадай болжамдардан басталады: «Менің ойымша, алдағы әлемде жанжалдың негізгі көзі - енді идеология да емес экономика да емес. Адамзатты бөлетін ең маңызды шекара мен қақтығыстардың басым көзі мәдениет арқылы анықталмақ. Халықаралық істердегі басты тұлға болып ұлт-мемлекет қала береді, бірақ жаһандық саясаттың ең маңызды қайшылықтары мен қақтығыстары әртүрлі өркениеттерге жататын ұлттар мен топтар арасында пайда болады. Өркениеттер қақтығысы әлемдік саясатта басымды фактор болады [1].

«Өркениеттер диалогы» терминіне келер болсақ, оның негізгі анықтамаларының бірі 2001 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 56-сессиясында қабылданған «Өркениеттер диалогы үшін жаһандық күн тәртібі» құжатында келтірілген. Өркениеттер арасындағы диалог төмендегі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған процесс: - адамдар арасындағы тең құқық пен теңдікке, әділеттілік пен төзімділікке ықпалдасу; өркениеттер арасындағы өзара әрекеттестік арқылы өзара түсіністік пен өзара құрметтеуді нығайту; өзара білімді байыту мен дамыту, сондай-ақ барлық өркениеттердің байлығы мен даналығын түсіну; ортақ құндылықтарға, жалпы адам құқықтарына және адамзат қоғамының әртүрлі салалардағы жетістіктеріне қатер төндіретін ортақ қауіп-қатерлерді жою мақсатында өркениеттерді біріктіретін нәрселерді анықтау және насихаттау; барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау және адам құқықтарын терең түсінуге қол жеткізу; жалпы этикалық нормалар мен жалпыға ортақ адами құндылықтарды терең түсінуге ықпалдасу; мәдени әртүрлілік пен мәдени мұраны құрметтеудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету [2].

Диалогтың бұл анықтамасы барлық өркениеттерге ортақ этикалық принциптерге, оның ішіндегі ең маңыздылары: әлемнің көп полярлығы, мәдени плюрализм, мәдени зорлық-зомбылық пен қарым-қатынастардағы екі жақты стандарттардан бас тарту, тепе-теңдік (өркениеттердің жоғары/төменгі деп бөлінуінен бас тарту), мәдениеттердің алуан түрлілігін және өркениеттердің әлеуметтік-мәдени кодтарын сақтауға негізделген халықаралық саясатты қалыптастырудың бітімгершілік жобасы ретінде «өркениеттер диалогын» ұсына отырып, халықаралық қарым-қатынастарға жаңа реңк беруде [3].

Бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне қатысты ортақ көзқарастың жоқтығы, мемлекеттер арасында орын алып жатқан саяси түйткілдердің одан сайын күшейе түсуі, әсіресе Таяу Шығыстағы ахуалдың шиеленісі өркениеттер арасындағы өзара әрекеттестіктің екінші түрі «диалогтың» қажеттілігін көрсетеді.

Осы орайда көпқырлы әлемдегі халықаралық қатынастардың жаңа архитектурасындағы либералды емес диалогтың бір альтернативасына айнала алатын М.Хатамидің «өркениеттер диалогы» теориясын егжей-тегжейлі қарастырайық. Бұл теориясының негізгі мәні мынада: М.Хатами «техника мен технологияның және байланыс құралдарының дамуының қазіргі деңгейін және адамзаттың өміріне қауіп төндіретін жаһандық проблемаларды ескере отырып, әлемдегі дағдарыстарды болдырмау үшін әлемдік саяси сахнаның әртүрлі ойыншыларының арасындағы келіспеушіліктерді еңсеру үшін, өркениеттер алмасуын жүйелі, ғылыми негізделген және іс жүзінде ақылға қонымды түрде қолдануды» ұсынады [4].

1997 жылы алғаш рет президент болып сайланған кезде өзінің алғашқы сөзінде Хатами: «Өркениеттер арасындағы диалог қазіргі әлемде өмір сүрудің қажетті шарты» екенін айтты. Хатамидің 2001 жылғы президенттік сайлаудағы жеңісі елдегі реформаларды жалғастыру, заңды азаматтық қоғам құру, оның толеранттылығын арттыру, өркениеттер диалогы рухында әлемдік қауымдастықпен қарым-қатынас жасауға деген Иран халқының басым көпшілігінің ұмтылысын көрсетті.

Жалпы алғанда, М. Хатамидің «ислам әлемінің интеграциясы мұсылман елдерінің де, бүкіл әлемнің де тұрақты дамуын қамтамасыз етеді» деген пікірімен келісеміз. Егер діни ортақтыққа, діни жақындыққа, мұсылман елдерінің ортақ мәдени мұраларының байланыстарына ғылыми, экономикалық, саяси және мәдени салалардағы өзара әрекеттестік пен өзара алмасуларды қосса, онда мұның бәрі, сөзсіз, прогрессивті, ілгері дамушы және бейбіт қоғам құруға қажетті материалдық және рухани алғышарттарды жасап, барлық мұсылман елдерінің дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Хатами диалогты ислам әлемінің ішінде, ислам және батыс өркениеттері арасында, ислам мен басқа да өркениеттер арасында жүзеге асыруды ұсынады [5].

Өркениеттер диалогын жүзеге асырудың екі жолы бар. Бірінші жолы - өркениеттердің ұзақ уақыт бойына өзара әсер етуі. Бұл процесс оқиғалардың өрбуінің табиғи үрдісіне, географиялық немесе тарихи себептерге, әлдекімнің таңдауына немесе еркіне байланысты емес. Мысал ретінде мұндай өзара әсер етудің ежелгі заманда ғасырлар бойы ирандықтар мен гректер арасында, кейінірек Ұлы Жібек жолы арқылы Еуропа мен Азия арасында жүргізілгендігін айтуға болады.

Екінші жолы - өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы диалогтың олардың өкілдері арасындағы диалог арқылы жүзеге асуы. Диалогтың бұл түрі - тарихи немесе географиялық факторлармен жүзеге аспайды, ол - мақсатты болады [6].

Хатамидің сөйлеген сөздері «өркениеттер диалогы» тұжырымдамасының мазмұнын аша түседі: «Ешбір ұлы мәдениет, ұлы өркениет басқа мәдениеттерден бөлек оқшауланып жасалған жоқ. Тек қана «басқа өркениеттермен өз жетістіктерімен бөлісе алатын, «сөйлеу» және «тыңдау» қабілетіне ие бола алатын мәдениеттер мен өркениеттер аман-есен қалып, дами алды [7].

Хатами өз тұжырымдамасында Ренессанс дәуіріне және Батыстың жедел дамуының мотивациясына жиі тоқтап, қисынды тізбекті құрастырғандай болады: егер Батыс үрдісті бұзып, индустриалды революция жасап, алға шыға алса, онда ғаламдық дамудың жаңа постиндустриалды кезеңінде жаһандық өзгерістер болуы мүмкін. Осы тұрғыдан Хатами тұжырымдамасының философиясы ХХ ғасырдың соңында енген постиндустриалды қоғамның дамуы туралы тұжырымдамамен салыстыруға болады.

Постиндустриалды экономиканың маңызды ерекшеліктері:

- экономиканы гуманизациялау (әлеуметтендіру) (қаражат постиндустриалды экономиканың негізгі ресурстарына - білім мен адамға салынады);
- тұтыну мен өндіріс құрылымында қызмет үлесінің артуы;

- білім деңгейін көтеру және еңбекке деген жаңа көзқарас (еңбек демократиясы, оның ішінде іс-шараларға қатысу, басқаруға қатысу);
- қоршаған ортаға назар аудару, қоғамды ақпараттандыру;
- халықтың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері үшін ғана емес, сондай-ақ нарықты қамтамасыз ету мүмкіндіктері үшін шағын кәсіпкерлікке деген қызығушылық (индустриалды қоғамға тән стандартталған жаппай өндіріске деген қажеттілік азаяды);
- жаһандану (әлемдік экономика бірыңғай кешенге айналады) [8].

Қазіргі өркениеттердің бірге өмір сүруге, бір-бірімен ынтымақтасуға қабілетті екендігін, солай болу керектігін және мүмкін болса, бірін-бірі толықтырып, жақсарта түсу керектігін түсіну қажет. Ең алдымен ғылыми және техникалық прогрестің қазіргі деңгейіне байланысты әрі әлемдік тәртіптің қазіргі қиын жағдайын назарға ала отырып, түрлі мәдениеттер, түрлі өркениеттер арасындағы қарым-қатынастарды нығайту қажет деген қорытынды жасауға болады. Әлемдік тәртіпті өзара байланыстырудың басты факторы өркениеттер диалогы туралы Хатамидің бастамасы осы қажеттілікті терең түсінуімен байланысты еді. Ол: «Өркениеттер диалогы - саясат пен мәдениетте бір жақты тәсілдерді және монологты болдырмау үшін халықаралық қатынастарды жетілдірудің әмбебап үлгісін қалыптастырудың стимулы» - деді [9].

Ғасырлар тоғысында әлемде дінаралық қатынастарға байланысты аса қауіпті жағдай қалыптасуына байланысты, күрделі геосаяси ортада орналасқан көпұлтты және көпконфессиялы ел ретінде Қазақстанның әлемде болып жатқан осындай жағдайлардан тыс қалуы мүмкін емес еді. Өркениеттер диалогын қалыптастыру жолында Қазақстан зор үлес қосуда. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі соның бір дәлелі. Бұл бастама мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогтың жаһандық үдерісін дамытуда үлкен маңызға ие. Н.Назарбаев бірінші съезде сөйлеген сөзінде: «Тұрақты диалог орнатудың басты құндылығы - көзқарастар мен түсініктердің қарама-қайшылығына қарамастан, жалпыға ортақ мәмілеге келу қажеттігінің маңызын түсіну және оған қол жеткізудің жолдарын іздестіру. Ең бастысы - диалог бейбітшілік пен келісім алаңын, үйлесім мен айқындық дәуірін қалыптастырады» деп, дінаралық диалогтың мәнін нақты тұжырымдады.

Қорытынды. Қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастықтың өзекті мәселелерді шешу үшін өркениеттер диалогынан басқа халықаралық қатынастарды реттеудің басқа амалы жоқ. Мемлекетаралық, дінаралық, ұлтаралық шиеленістердің күшеюі, әлемдік сахнадағы қақтығыстардың кеңінен орын алуы М. Хатами ұсынған «өркениеттер диалогының» өзектілігін арттыра түсуде. Хатамидің тұжырымдамасының жаһандық геосаяси шиеленістер мен этникалық және діни негіздер бойынша әлемдегі қақтығыстардың күшейген кезінде маңызы өте зор.

Қорыта айтқанда, өркениеттер диалогы - әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға қажетті жалғыз, бірақ күрделі механизм - бұл саясатта, дінде және мәдениетте біржақты тәсілдер мен монологтарды болдырмауға, халықаралық қарым-қатынастарды жақсартуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бажанов Е.П. Актуальные проблемы международных отношений. Избранные труды. Т. 1. Москва: Изд-во Научная книга, 2002.
2. Организация Объединенных Наций. A/res/56/6. Генеральная Ассамблея. November 21, 2001. Глобальная повестка дня для диалога между цивилизациями. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.un.org/russian/peace/culture/index.shtml>.-(Дата обращения: 13.03.2019 г.)
3. Мишучков А.А. Категориальный статус концепта «Диалог цивилизаций» 223 стр/
4. Хакимпур А. Место и особенности диалога цивилизаций в современном политическом мышлении: диссертация. Душанбе, 2010, 142 с.
5. Мелихов И.А. М. Хатами: межцивилизационный диалог и мусульманское сообщество/ «Дипломатический вестник», серия «Дипломатия, наука и общественность». № 9. 2001.

6. Хатами М. В человеке сосредоточены душа Востока и разум Запада/ Сборники статей и выступлений. Москва, 2001.
7. М.Хатамидің ЮНЕСКО-ның жыл сайынғы сессиясында сөйлеген сөзі Париж, 29 қазан 1999 жыл
8. Н.М. Мамедова Политико-экономический аспект диалога цивилизаций/ сборник статей. Москва, 2003, 19 с.
9. Хатами М. БҰҰ-ның өркениеттер диалогына арналған кездесуде сөйлеген сөзі, 2001 ж., 54 б.